

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436
Жарлығына толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 17 қыркүйек N 4072. Күшін жойды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.03.25. N 575 жарлығымен. ~U010575

Мемлекеттік басқару органдарының қайта құрылуына байланысты және Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_44-бабының 9) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 U973436_ Жарлығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтың 2) тармақшасы "Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттік"

сөздерінен кейін "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті" сөздерімен толықтырылсын;

8-қосымшаға Ескертпелердің 1-тармағы "мемлекеттік комитеттердің" сөздерінен кейін "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК